# Ақиық ақын

# Мұқағали Мақатаев

Бүгін менің туған
күнім
ой, бәлә- әй !
Мына  адамдар
неге жатыр
тойламай!
Банкет жасап
берер едім
өзім- ақ,
Тәңірдің бір
жарытпай- ақ
қойғаны-ай!



# Сабақтың мақсаты:

**Білімділік**

Поэзия жанрының ерекшелік терімен таныстыру, өлең құрылысына талдау жасау, ақын өмірімен таныстыру

**Тәрбиелік**

Оқушыларды туған жерге деген сүйіспеншілікке, Отан тыныштығын қорғауға, адамгершілікке тәрбиелеу

**Дамытушылық**

Поэзиялық шығармалардағы ұйқас, буын, бунақ түрлерін ажырату.

# Өмір жолдары

“Жұлдыз” журналында қызмет етті

“Қазақ әдебиеті” газетінде қызмет істеді

Қазақ радиосында жұмыс істеді

Алматыда шет тілдер институтында оқыған

1931 ж Алматы обл Райымбек ауд Қарасазда туылған

# Жыр кітаптары

Өмір-өзен

Өмір-
дастан

Шолпан

Жырлайд
ы
жүрек

Қош
махаббат

Аманат

Күнделік

Армысыңд
ар
адамдар

Атамекен

# Өлеңдер жинақтары



"Армысыздар достар"

"Қарлығашым келдің бе?"

"Дариға-жүрек"

"Аққулар ұйықтағанда"

"Чили, шуағым менің"



Өмір күнделігінен үзінді
Сүйікті балаларым менің! Ақылсыз болмаңдар!
Өмір тола қауіп ,абай болыңдар!
Өмірдің әрбір құбылысына байыппен қараңдар!
Жөні жоқ мейірбан, жұмсақ болмаңдар

Мейірбандықпен, жұсақтықпен жауыздықты жеңуге болмайды. Сүйе де, жек көре де біліңдер! Бірақ әрқашан да адам қалыптарыңда қалыңдар!



Қазақ жырының аспанындағы жұлдыздардың арасынан сенің жұлдызыңды біз оңай танушы едік. Сенің жұлдызың ең шұғылалы, ең мейірімді жұлдыз

Т. Молдағалиев

# Үй тапсырмасын сұрау

М.Мақатаев қай жылы қай жерде туылған?

“Қайырлы түн” өлеңінің тақырыбы не?

Ақынның тағы қандай өлеңдерін білесіңдер?

Ақын өмірі жайлы қандай естеліктер білесіңдер?

Қай ақын қызға арналған өлеңін білесің?

Мұқағали кімнің тәрбиесінде болған?



.Талай жылдар өтсе де, талай заман,
Қалам тартар қазақта ақын туса,
Аруағына Абайдың қарайлаған.
Абай болу, әрине, оңай емес,
Ақын болмай қалсақ ғой...
Қалай жаман!

...Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін,
Ермек үшін, немесе өлмеу үшін.
Жазсам, жазам жырды мен, жасырмаймын.
Жаралы жүректерді емдеу үшін.
*немесе:*
Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден

## Қара өлең

Қалқам мен Лермонтов, Пушкин де емен,
Есенинмін демедім ешкімге мен.
Қазақтың қара өлеңі-құдыретім,
Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген.
Жат жерді жастанғанда жазатайым,
Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым,
Қасиетіңнен қара өлең айналайын,
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым.
Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,
Аңызыма неге нәр тамызбайын.
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан ағызбайын.
Ақынмын деп мен қалай айта аламын,
Халқымның өзі айтқанын қайталадым.
Күпі киген қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын



..

.Ақындық — бір
жазылмайтын дерт екен,
Ақындық — бір ауру екен,
соны ұқтым...
...Ақын деген лапылдаған өрт
екен,
Ақындардың жанып өту —
серті екен.
Бықсымаспын, шалам қалмас
артымда,
Жана алмасам, ерте келдім,
ерте өтем.
Жанып өтем, жанбай қайтіп
тірі өлем,
Жаумай қайтіп, жаумай қайтіп
түнерем.
Тіл тыйылмай, жүрек тынбай
тынбайтын,
Өміріммен өтер болды бұл
өлең

Өлең деген тумайды жайшылықта, —
Өлең деген тулайды қайшылықта.
Ақын болсаң, жарқыным, алысқа аттан,
Күнделікті тірлікке бой суытпа.
Айшылық жол...
Шөлдейсің, зарығасың, ...
Даламенен жүресің, тау асасың,
Сезесің биігін де аласасын.
Кенезең кепкенде бір, лай суға
Кез келген мақұлықпен таласасың...
немесе:
Міне, осылай өлеңнің кілті деген,
Құйттай жүйкең қалмайды сілкілмеген.
Аттанам деп алысқа, айдалада
Адаспаса болғай-ды шіркін өлең...



Поэзия!
Менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
Қарауытқан таулардан сені іздедім...
немесе:
Сені іздедім зеңбірек гүрсілінен,
Күннен, түннен, гүлдердің бүршігінен.
Қуаныштан, түршігу — күрсінуден,
Жүректердің іздедім дүрсілінен.
Сені іздедім сезімге у шараптан да,
Минуттардан іздедім, сағаттан да,
Сені іздедім
Іздеймін тағат бар ма?
Сені маған егіз ғып жаратқан ба?

# Сөзжұмбақ

М
Ұ
Қ
А
Ғ
А
Л
И

Көрер едің,
Шаламын ба, отпын ба,
Білер едің
Ақынмын ба, жоқпын ба?..
Кектендірген хан Жәңгір де жоқ мұнда,
Кектенетін Махамбет те жоқ мұнда.
Түсінер ең
Езбін бе, әлде ермін бе,
Байқар едің,
Артықпын ба, кеммінбе?..
Мен Спартак бола алмадым, не шара,
Сенің өзін Цезарь болып көрдің бе?
Сырым да — осы,
Жырым да — осы
Алдыңда.
Байқашы бір:
Бықсыдым ба, жандым ба?
Мақаңдар жоқ,
Мақаңдардың сарқыты —
Мұқағали Мақатаев бар мұнда!

# АҚИЫҚ АҚЫН - АҚИҚАТТЫҢ АҚ ТАҢЫ...



Мұхаң - өмірдің қиыншылығына, әделетсіз тұстарына мойымай өле-өлгенше күресіп өткен жан. Оның өмір туралы шығармаларының тереңіне бойлаған жан бір жеңілдеп, опасыз өмір өткеліне тек күліп қарауды үйренеді, бойына күш, жігеріне қуат алады. Ақиық ақынды көзі тірісінде қадірлей алмағанымыз қандай өкінішті!.. Ақынның көзін көріп, тұз-дәмдес болғандар сол бір кезді сағынышпен еске алатын болар-ау. Хакім Абайды тани алмаған қара қазақ Мұханның да қадірін білмеді. Сол баяғы күндестік, сол баяғы қызғаныш. «Қонақжай, мейірбан» халық болғанымыз кімге керек, өз ұлыңа жаулық танытса. Қанға сіңген қасиет деуге келмес, бірақ, доса күлкі, дұшпанға таба қылатын осы бір «сайқал» әдетіміз ешқашан ұшпаққа шығармайды. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген рас-ау, бүгінгі күні де жетісіп тұрғанымыз шамалы. Тек әдебиет майталмандарын ғана емес, талант көрсек, Мұқаң айтқандай «біріміз кеудеден итеріп, біріміз шалып, күресінге тастағымыз» келеді. Сол баяғы, бейшаралық!

Жақында бір басылымда Мырзатай Жолдасбековтың Әбдіжәміл Нұрпейісов туралы жазған мақаласы жарық көрді. Әбекеңе жасалған қиянатты Мырзатай ағамыз қынжыла отырып жазған екен. Жүрегің қан жылайды. Газетіміздің 4-бетінде жазушы Айжарық Сәдібекұлының «Өмір өрістерінде» атты жазбаларында Әбдіжәмілге жағылған қара күйенің бір көрінісі келтіріліп отыр (Элегийдің "элегиясымен" тебіреніп...). Адам сенгісі келмейді, алдыңғы буын мүйізі қарағайдай азаматтардың пендешілігін көріп, намыстанасың!..

Пенделіктің жетегіне кеткендер Мұқаңның өзіне қиянат жасағанмен оның шығармашылығына ешқашан шаң жұқтыра алмайды. Ақиық ақынның өлеңдері мәңгі жасай береді, жасауға тиісті де. Біз бүгін ақынның өмір туралы жазған бір топ өлеңдерін назарларыңызға ұсынып отырмыз. Ол ешқашан ешкімге «шауып кел» болған емес, ешкімге жалбақтамады да. Мұқаң сонысымен — Мұқаң...

**Н.ТАСТЕМІР**

# Менің анкетам

| | |
|---|---|
| **Туған жеріңіз:** | Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың |
| **Туған жылыңыз:** | 1931 құрдасымын Шәмілдің |
| **Шыққан тегіңіз:** | Шаруамын бар тірліктен бағалы оны санаймын |
| **Біліміңіз:** | Орташа ғой алайда өзім Жоғарыға балаймын |
| **Ана тілің:** | Қазақша қысылғанда орысша да,Немісше де тағы бар |
| **Қайда істедің?:** | Бір басымнан бар маман дық табылар |

# Менің анкетам

**Міндіттісің бе әскерге?**

**Міндеттімін біздің әлі жас
кеуде Жауынгердің ұлымын ғой
Жанын қиған Мәскеуде...**

**Шент елдерде болдың ба?**

**Болғаным жоқ**

**Мекен-жайың**

**Мекен-жайым жер менің
Жерде жүрген ақын деген пендемін
Қалам қағаз , уақыт бер тек аздаған
Мен өмірді жырлау ұшін келгенмін**

**Дәрі ішуіңіз керек**

**Керегі жоқ бәрінің
Иненің де керегі жоқ дәрінің**

**Сіздей адам бізге қажет
Сіз әлі –ақ жазылып кетесіз**

# Үйге тапсырма

1 Өлеңді жаттау

2 Өлең құрылысын талдау

3 Ақынның басқа да өлеңдерін жатқа айту